

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА "БОЛАШАК" УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Университет ректоры м.а., э.ғ.к.
А.М. Шильманова
Университет

Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 7 хаттама «14» 09 2022 жыл)

**2022-2023 оқу жылындағы университеттің
профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың оқу жүктемесін жоспарлау
және бақылау шаралары мен оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт мөлшері**

Қызылорда, 2022 жыл

Нормативтік сілтеме

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы (27.12.2019 № 294-VI өзгертулері және толықтыруларымен);
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (24.12.2020 №539 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулармен);
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);
4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы;
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 122 бұйрығы.

2022-2023 оқу жылындағы университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың оқу жүктемесін жоспарлау және бақылау шаралары мен оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт мөлшері (штаттық ПОҚ-ның ұсынылатын педагогикалық жүктемесі оқу жылы үшін 680 академиялық сағаттан аспайтын) 1 ставка көлемінде айқындалады.

№	Педагогикалық қызмет түрі	Уақыт мөлшері	Ескерту
1	2	3	4
1	Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит барлық түрлері үшін	1 академиялық кредит=30 академиялық сағатқа= 1 кредит ECTS тең	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (ҚР БЖҒМ 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларының 23, 24, 29 тармақтары
2	Бір академиялық сағат - оқу жұмысының барлық түрлері бойынша (лекция, практикалық, қорытынды аттестаттау)	Лекциялық, практикалық, сабақтар кезінде 1 академиялық сағат = 50 минутқа тең.	
3	Дәрісханалық сабақтарды жүргізу	Жұмыс оқу жоспарындағы пәнге берілген жалпы сағаттың 30%-нан кем емес	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакциясы ҚР БЖҒМ 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларының 26 тармағы
4	Дәріс сабақтар	Лекциялық сабақтар академиялық топқа 50-100 білім алушыға дейін жинақталған академиялық ағынға есептелінеді. Карантин жағдайында дәріс сабақтары онлайн өткізілуіне байланысты 150 білім алушыға дейін жинақталған академиялық лектермен есептелінеді.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (ҚР БЖҒМ 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларының 30 тармағы.

5	Практикалық (семинарлық) сабақтар	25-30 білім алушыға дейін жинақталған академиялық топтарда жүзеге асырылады	Практикалық (семинарлық) сабақтарды университеттің профессор-оқытушылары жүргізеді. Сондай-ақ, практикалық (семинарлық) сабақтарды жүргізуге және өндірістік практикаларға жетекшілік жасауға өндіріс орындарының ғылыми атағы жоқ тәжірибелі мамандары тартылып, өндірісте өткізуге болады. Тілдік және АКТ пәндердің практикалық сабақтары академиялық кіші топтарға жоспарланады
6	Зертханалық сабақтар	1 академиялық сағат 2 байланыс сағатына, яғни 100 минутқа тең	Толымдылығы 15 адамнан асқан жағдайда кіші академиялық топтарға бөлінеді. Зертханалық сабақтарды университеттің профессор-оқытушылары жүргізеді. Зертханалық сабақтарды жүргізуге және өндірістік практикаларға жетекшілік жасауға өндіріс орындарынан тәжірибелі мамандар тартуға болады
7	Дене шынықтыру пәні	Спорт түрлері бойынша жүзеге асырылады, секциялар кезінде 1 академиялық сағат 2 байланыс сағатына, яғни 100 минутқа тең	2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт туралы Заңы, «Білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі және спорт» 15-баптың 2 тармағына сәйкес (ҚР330.12.2020 № 395-V бұйрығымен өзгерістер енгізілген)
8	Білім алушының (студенттің, магистранттың) өзіндік жұмысы (БАӨЖ)	БОӨЖ дәрісханадан тыс сабақ болып жоспарланады (дәріскерге немесе практикалық сабақ жүргізетін оқытушыға жоспарланады) және 50 білім алушыдан аспайтын академиялық лекте жүргізіледі.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (ҚР БЖҒМ 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларының 26 тармағы. Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысы (БОӨЖ) және толық өзі орындайтын жұмысы (БӨЖ) арақатынасы Қосымша 1 анықталған.
9	Қорытынды аралық бақылау	Қорытынды аралық бақылау кезінде 1 білім алушыға 0,5, егер аралық бақылау түрі тест болса әр оқу тобына 1 сағаттан есептелінеді.	«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ Министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығының 27, 28 тармақтары бойынша «Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады»

10	«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінен Қорытынды бақылау (мемлекеттік емтихан)	Мемлекеттік комиссия төрағасына және әрбір комиссия мүшесіне (кемі 3 мүше) және хатшыға бір білім алушыға 0,25 сағаттан есептелінеді, күніне 24 білім алушыдан.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (ҚР БЖҒМ 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары
11	Қорытынды аттестаттау (бакалавриат)	12 кредит, яғни 360 академиялық сағат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 14 тармағы (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерісте енгізілген).
12	Дипломдық жұмыс (жоба жазу және қорғау) (бакалавриат)	12 кредит, яғни 360 академиялық сағат	<p>Оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әр дипломдық жұмыстың (жоба) 1 кредиттің (30 академиялық сағаттың); - Дипломдық жұмыс (жоба) жетекшісіне – 1 диплом жұмысына (жоба) 18 академиялық сағаттан; Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға басшылық жасауды бейін бойынша оқытушылар және (немесе) Ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін, кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар мамандар жүзеге асырады. <p>Ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессорларға барлығы 8-ден артық емес; оның ішінде дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік, докторлық диссертацияға, сондай-ақ тиісті ғылымдар бойынша магистр академиялық дәрежесі бар оқытушылармен және (немесе) аға оқытушыларға 5 дипломдық жұмысқа (жоба) ғана жетекшілік жасай алады.</p> <p>Рецензентке – 1 диплом жұмысына (жоба) 0,5 академиялық сағаттан бөлінеді. Бір рецензент 5 дипломдық жұмыстан (жоба) артық емес рецензия бере алады.</p>

			<p>Кафедралық сағат есебінде дипломдық жұмыс (жоба) қабылдауға білім алушылардың санына байланысты ҚАК әр мүшесіне және сырушыға 0,5 академиялық сағаттан белгіленеді.</p> <p>1 күнде 10-12 студент дипломдық жұмыс (жоба) қорғайды.</p> <p>0,5 сағ x12 ст. = 6 сағат күніне техникалық хатшыға бір емтихан тапәрбір ҚАК мүшесіне және техникалық хатшыға.</p> <p>Қорытынды аттестаттау комиссия құрамындағы жұмыс берушілердің және рецензенттердің сағаттары кафедра қорына жіберіледі.</p>
13	Студент дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау орнына кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру түріндегі жағдайда	Кешенді емтиханға дайындалу және тапсыруға (бакалавриат) 12 кредит, яғни 360 академиялық сағат бөлінеді	<p>Мынадай негіздер бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Денсаулығына байланысты стационарда ұзақ ем алу; 2.Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, 1 топтағы мүгедектер; 3.Жүкті әйелдер немесе екі жасқа толғанға дейінгі бала тәрбиелейтіндер; 4.Оқуды аяқтамаған сырттай оқу нысанының студенттері дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына екі кешенді емтихан тапсыра алады. <p>Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушылар ЖОО басшысының атына өтініш жазады және тиісті құжатты ұсынады.</p> <p>Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттілікті көрсетеді.</p>
14	Қорытынды аттестаттау (магистратура)	12 кредит, яғни 360 академиялық сағат	<p>Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты» ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми-педагогикалық 3 жыл білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және Web of Science Core Collection</p>

			<p>базасындағы JCR базасында импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының біреуінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады («Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамыры № 182 бұйрық).</p>
14.1.	<p>Магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау, Рецензия сын-пікір беру, Қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы және мүшесі ретінде қорғауға қатысуға</p>		<p>Ғылыми жетекшіге (ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша): 1 курсқа – 12 академиялық сағат; 2 курсқа – 12 академиялық сағат; Ғылыми жетекшіге (бейіндік бағыт бойынша) – 24 академиялық сағат; Рецензентке – 1 академиялық сағаттан бір магистрант үшін; Қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасына – 1 академиялық сағаттан бір магистрант үшін; Әрбір мүшесіне 1 сағаттан бір магистрант үшін; Қорытынды аттестаттау комиссиясы құрамы бес адамнан аспауы керек (төраға және 4 мүше және техникалық хатшыға). Бір магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауына 1 академиялық сағат бөлінеді. Сондықтан бір күнде қорғауға 6-дан артық емес магистрантқа дейін жіберіледі.</p>
15	<p>Практикаға бөлінген 1 кредит 30 академиялық сағатты құрайды</p>	<p>5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 академиялық сағаттан есептеледі (барлық практикалардың түрлері бойынша), яғни 1 аптаға – 30 академиялық сағат.</p>	<p>1-3 ші курстар үшін жоспарланған кредит көлеміндегі оқу практикасы маман даярлаушы кафедраларға жүктеледі (60% - маман шығарушы кафедраға, 40% - жұмыс берушілерге бөлінеді) мыс: $0,5 \times N_{\text{студ.}} \times N_{\text{кредит}} = N_{\text{сағ.}}$ 4-ші курстардағы өндірістік-педагогикалық (диплом алды) және өндірістік (диплом алды) практикасы маман даярлаушы кафедраларға жүктеледі(60% - маман шығарушы</p>

			кафедраға, 40% - жұмыс берушілерге бөлінеді) мыс: $0,5 \times N_{\text{студ.}} \times N_{\text{кредит}} = N_{\text{сағ.}}$
16	Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша онлайн сабаққа білім алушылар бөлінісі	Онлайн-чат сабақтары академиялық топқа 25-60 білім алушыға дейін жинақталған академиялық ағынға есептелінеді.	Онлайн-чат сабақтарын өткізуге басқа отандық және шетелдік ЖОО ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ магистр академиялық дәрежесі бар оқытушылармен ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылады
17	МҒЗЖ (НИРМ) МЭЗЖ (ЭИРМ)	МҒЗЖ (НИРМ) және МЭЗЖ (ЭИРМ)-1 кредит (30 академиялық сағаттың 30%-ы байланыс сағаты болып белгіленеді), $9 * N_{\text{кр}} * N_{\text{маг}} = N$ (60% - маман шығарушы кафедраға, 40% - жұмыс берушілерге бөлінеді)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылдың 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 23, 24, 25-ші тармақтарына сәйкес.

Аудиториядан тыс жүктемені жоспарлау

1. Білім алушылардың өзіндік жұмысы оқытушының басшылығымен орындалатын өзіндік жұмыс болып бөлінеді(БОӨЖ) және білім алушылардың өз бетінше орындайтын жұмысы болып бөлінеді(БӨЖ).
2. БӨЖ сағаты дәріс сабақтарын жүргізетін оқытушыға, дәріс сабақтары болмаған жағдайда практикалық сабақтарды жүргізетін оқытушыға жоспарланады.
3. БОӨЖ кафедра меңгерушісі бекіткен жеке кесте бойынша орындалады. Жұмыстың бұл түріне оқу бағдарламасының ең күрделі сұрақтары, тапсырмаларды орындау, семестрлік жұмыстар, өзіндік жұмыс тапсырмаларының басқа да түрлерін бақылау бойынша кеңес беру кіреді.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Қолданыстағы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес енгізіледі.
2. Ережеге ұсыныстар мен ескертулер енгізуді кафедралар, жоғары мектеп декандары, құрылымдық бөлімшелер, ректорат, Ғылыми Кеңес жүзеге асырады.
3. Қолданыстағы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, ұсыныстар мен ескертулер Ғылыми Кеңестің қарауына жіберіледі.
4. Ғылыми Кеңес бекіткен ережеге өзгерістер мен толықтырулар жасалған ережеге өзгерістер түрінде шығарылады.

Бакалавриат бойынша

Оқытушы мен білім алушының оқу жұмыс түрлері бойынша
жұмыс көлемі

Академиялық кредит саны	Академиялық сағат саны	Оқу жұмыс түрі/академиялық сағат саны				
		лек.	практ.	зерт.	БООЖ	БӨЖ
6	180	30	15	15	30	90
6	180	30	30		30	90
5	150	15	15	15	30	75
5	150	15	30		30	75
5	150		45		30	75
4	120	15	15	15	15	60
4	120	15	30		15	60
3	90	15	10	10	10	45
3	90	15	15		15	45
2	60	10	10		10	30
2 (спорттық секцияларүшін)	60		30			30

**Оқытушы мен білім алушының оқу жұмыс түрлері бойынша
жұмыс көлемі (1 - курс үшін)**

Академиялық кредит саны	Академиялық сағат саны	Оқу жұмыс түрі/академиялық сағат саны				
		лек.	практ.	зерт.	БООЖ	БӨЖ
8 (ЖББП циклінің тілдері пәндеріне)	240	60	60		40	80
8	240	45	45		30	120
7	210	30	30		30	120
6	180	30	30		15	105
5	150	15	15	15	10	95
5	150	15	30		10	95
5 (ЖББП циклінің тілдері пәндеріне)	150		45		10	95
5 (ЖББП ТК үшін)	150	30	30		20	70
4	120	15		15	10	80
4	120	15	15		10	80
2 (спорттық секциялар үшін)	60		30			30

Магистратура бойынша

Оқытушы мен білім алушының оқу жұмыс түрлері бойынша
жұмыс көлемі

Академиялық кредит саны	Академиялық сағат саны	Оқу жұмыс түрі/академиялық сағат саны				
		лек.	практ.	зерт.	БӨӨЖ	БӨЖ
5	150	20	30		15	85
5 (тілдік пәндерге)	150	-	50		15	85
4	120	15	25		15	65
3	90	15	15		10	50
2	60	5	15		10	30

Келісілді:


Академиялық мәселелер және ғылыми
жұмыстар жөніндегі проректор
Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма
басшысы
Білім беру және педагогика жоғары мектебінің
деканы м.а.
Бизнес, техника және технология жоғары
мектебінің деканы




А.М. Шильманова



Н.С. Сайлаубекова



Д.Ж. Серкебаев



Ғ.Ж. Тасболат